

Қоғамдық жұмыс түрлерін және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесін айқындау туралы

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 15 қыркүйектегі № А-9/185 қаулысы

Ескерту. 01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі – осы қаулының 5-тармағымен.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Ақкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес қоғамдық жұмыстардың түрлері айқындалсын.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес қоғамдық жұмыстар орындалуы тиіс ұйымдардың тізбесі айқындалсын.

3. Ақкөл қаласы және ауылдық округтер әкімдері Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" заңнамасында айқындалатын тәртіппен әкімшілік жазаға тартылған адамдардың қоғамдық жұмыстарды орындауын ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақкөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Аудан әкімі

Б.Әбдірахманов

Ақкөл ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "15" қыркүйектегі
№ А-9/185 қаулысына
1 қосымша

Қоғамдық жұмыстардың түрлері

№	Қоғамдық жұмыстардың түрлері
1	Аумақтарды, көшелер мен алаңдарды абаттандыру, тазалау және көгалдандыру
2	Ағаштар мен бұталарды кесу, бұтақтарды кесу
3	Ағаштардың, бұталардың және гүл көшеттерінің арам шөптерден тазарту және отырғызу

4	А в т о б у с аялдамаларыныңаумақтарынабаттандыружәнетазалау
5	Т р о т у а р л а р м е н жолдардыабаттандырукезіндегіқосалқыжұмыстар
6	Жолдардыабаттандыруэлементтерінбояу
7	Ж о л техникасыүшінқолжетпейтінжерлердежолтөсемдерінтазалау
8	Спорт жәнебалалараландарынабаттандыру
9	Арнайыкәсіптікдаярлықтықажететпейтінжұмыстардыңбасқатүрлері
10	Агроөнеркәсіптіккешенжәнесаудакәсіпорындарындағықосалқыжұмыстар

Ақкөл ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "15" қыркүйектегі
№ А-9/185 қаулысына
2 қосымша

Қоғамдық жұмыстар орындалуы тиіс ұйымдардың тізбесі

№	Ұйымныңатауы
1	"Ақкөл қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
2	"Азат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
3	"Еңбек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
4	"Жалғызқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
5	"Қарасай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
6	"Кенес селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
7	"Наумов селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
8	"Новорыбин селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
9	"Урюпин селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі
10	Ақкөлауданыәкімдігіжанындағы"Горкомхоз" ШЖҚ МКК

Аббревиатуралардыңтолықжазылуы:

ШЖҚ МКК-шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК